

Талдықорған қаласы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы

Жетісу облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2023 жылғы 3 тамыздағы № 7-45 шешімі

"Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес, Талдықорған қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Талдықорған қаласы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар осы шешімнің 6-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Талдықорған қалалық мәслихатының "Талдықорған қаласы бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы" 2021 жылғы 11 қарашадағы № 89 шешімі жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Р.Бершінбековке жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

Талдықорған қалалық мәслихатының төрағасы

Т.Ахажан

Талдықорған қалалық мәслихатының
2023 жылғы 03 тамыздағы "
Талдықорған қаласы бойынша 2023-
2024 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту
туралы" № 7- 45 шешіміне қосымша

Талдықорған қаласы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар

Осы Талдықорған қаласы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі - Жоспар) "Жайылымдар туралы" 2017 жылғы 20 ақпандағы, Қазақстан Республикасының Заңына, "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің № 173 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 тіркелген), "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің № 3-3/332 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 тіркелген) сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жем-шөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болдырмау мақсатында қабылданды.

Жоспар:

1. Осы жоспардың 1-қосымшасына сәйкес, құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Талдықорған қаласы аумағында жайылымдардың орналасу схемасын (картасын);

2. Осы жоспардың 2-қосымшасына сәйкес, жайылым айналымдарының қолайлы схемаларын;

3. Осы жоспардың 3-қосымшасына сәйкес, жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасын;

4. Осы жоспардың 4-қосымшасына сәйкес, жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (өзендер, ағындар, бұлақтарға, су жинау орындарына) қол жеткізу схемасын;

5. Осы жоспардың 5-қосымшасына сәйкес, жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасын;

6. Осы жоспардың 5-қосымшасына сәйкес, жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және алаңдары белгіленген картаны.

7. Осы жоспардың 6-қосымшасына сәйкес, ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигін қамтиды.

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, иелерін – жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктерін ескере отырып қабылданды.

Әкімшілік-аумақтық бөлініске сәйкес Талдықорған қаласында 2 ауылдық округ бар. Ауылдық округтерде 2 мал қорымы жұмыс істейді.

Талдықорған қаласының жалпы көлемі – 38311 гектар. Санаттар бойынша жерлер бөлінісі:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 21266 гектар;

елді мекен жерлері – 8098 гектар;

өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер – 1176 гектар;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар – 28 гектар;

орман қорының жерлері – 106 гектар;

су қорының жерлері – 121 гектар;


босалқы жерлер – 7516 гектар.

Қаланың климаты континенттік. Қаңтар айының орташа температурасы $-11-13^{\circ}\text{C}$, шілдеде $22-24^{\circ}\text{C}$. Жауын – шашынның жылдық орташа мөлшері 350-400 мм. Оның басым бөлігі наурыз – мамыр және қараша – желтоқсанда түседі. Жел негізінен солтүстік – шығыс (34%), солтүстік (16%) бағытта басым.

Талдықорған қаласы табиғи жағдайлары бойынша тау етегі-шөлді-далалық зонаға жатады. Өсімдіктер негізінен жусан-бетегелі-шалғынды.


Талдықорған қаласы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарына 1-қосымша

Құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Талдықорған қаласы аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)



Талдықорған қаласы бойынша 2023-
2024 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі жоспарына 2-
қосымша


Жайылым айналымдарының қолайлы схемалары



Жылдар	1 қаша	2 қаша	3 қаша	4 қаша
2023	көктемгі-жазғы	жазғы	күзгі	демалатын қаша
2024	демалатын қаша	көктемгі-жазғы	жазғы	күзгі


Талдықорған қаласы бойынша 2023-
2024 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі жоспарына 3-
қосымша

Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекараларымен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы




Талдықорған қаласы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарына 4-қосымша

Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (өзендер, ағындар, бұлақтарға, су жинау орындарына) қол жеткізу схемасы



Талдықорған қаласы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарына 5-қосымша

Жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауылшаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы



Талдықорған қаласы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарына 6-қосымша

Жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және алаңдары белгіленген картасы

2	Өтенай ауылдық округі	көктемгі-жазғы (наурыз-маусым)	жазғы (шілде-тамыз)	(қыркүйек-қараша)	демалатын қаша
---	-----------------------	--------------------------------	---------------------	-------------------	----------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК